



“ӨЗЕНМҰНАЙГАЗ” АҚ КОРПОРАТИВТІ ЖУРНАЛЫ
№10 (92) 2023 ЖЫЛ

РАХМЕТ ӘТЕСІНОВ АТЫНДАҒЫ
ДЕҢЕШЫНЫҚТЫРУ-САУЫҚТЫРУ
КЕШЕНІ



Рахмет Әтесінов
(1927 - 04.01.2014)
Борбор табиғаттағы көзбүрек
Айнан салынған мемлекеттік
Бағыттың инициаторы
Команданың жарыс майдағы
Бағыттың жарыс майдағы

17.09

ӨЗЕН КЕҢ ОРНЫНЫҢ АВТОРЫ -
РАХМЕТ ӘТЕСІНОВ!



“ӨЗЕНМҰНАЙГАЗ” АҚ КОРПОРАТИВТІ ЖУРНАЛЫ

МЕНШІК ИЕСІ:
«Өзенмұнайгаз» АҚ
№10 (92) 2023 жыл

Журнал ҚР Ақпарат және
коммуникация министрлігінде
есепке алынып, №16077-Г күелігі
берілген.

**ЖҰРТШЫЛЫҚ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТТІК
ОРГАНДАРМЕН БАЙЛАНЫС БӨЛІМІ**

БАС РЕДАКТОР:
Бибігүл БӘБЕКБАЙ

ШОЛУШЫ:
Арғын БИСЕНОВ

ТІЛШІЛЕР:
Жазира АҚБЕРГЕН
Айман МАДРЕЙМОВА
Талғат САТЫБАЛДЫ

РЕДАКЦИЯ МЕКЕН ЖАЙЫ:
ҚР, Маңғыстау облысы, Жаңаөзен
қаласы, Сәтбаев көшесі, 3-ғимарат,
426-кабинет, 8 /72934/ 63445

Шығу жиілігі айына 1 рет.
Журнал материалдарын
көшіріп басуға редакция
рұқсаты қажет

Журнал «АТИС» ЖШС
баспаханасында басылды

БІЗГЕ ЖАЗЫЛ:

FACEBOOK



TELEGRAM



INSTAGRAM



TIKTOK



ШОКТЫҒЫ БИІК ДАРА ТҰЛҒА



Маңғыстау мұнайының ашылуы тарихта алтын әріптермен жазылған оқиға болды. Алдымен Жетібай мұнай барлау алаңындағы үңғыдан, кейінрек Өзен барлау-бұрғылау алаңындағы үңғыдан үлкен мұнай фонтаны атқылады. Маңғыстау мұнайын тезірек ашып, жеделдетіп халық игілігіне беру мақсатында 1964 жылы шілде айында «Өзен» мұнай кесіпшілігі басқармасы құрылды. Оның бірінші басшысы болып Рахмет Өтесінұлы тағайындалды.

Ол – өнегелі өмір иесі, қайталанбас тұлға, дара болмыс.

Ол – Өзеннің Өтесінові. 40-тан астам ұлт өкілдерінен тұратын интернационал мұнайшылар ұжымын қалыптастырыған тұлға.

Ол – 84 жыл өмірінің жартысында даңқты мұнайшы, тағы 42 жылында белгілі жазушы болған адам.


Ол – қарапайым мұнайшылар мен жер қойнауын барлаушылардың өмірі туралы жазылған 11 кітаптың, повестер мен романдардың авторы. Өмірін өлеңмен өрнектеген жан.

Ол – ғылым жолын да мұнайға арнаған маман.

Маңғыстау мұнайының 60 жылдығына арналған кітаптың екінші тарауы «Өзен» мұнай кесіпшілігі басқармасының алғашқы басшысы, даңқты мұнайшы, белгілі жазушы Рахмет Өтесіновке арналып отыр. Бұл тарауға «қазақ мұнайының королінің» болмысы, өмірбаяны, Өзендегі еңбек жолы, ғылыми жұмыстары мен шығармашылығы арқау болды. 2024 жылы Рахмет Өтесінұлының туғанына 97 жыл толады.



WWW.OZEN.KZ



Таңғажайып

Тағдыр

Тағдыр – адамның ерік-қалауы араласа алмайтын тәуелсіз аймақ. Яғни, өзгермейтін болмыс. Қуанышы мен қыындығы қатар жүретін өмірге таңғажайып қуат та осы тағдыр мен адамның ерік-жігерінің жекпе-жегінен пайда болады деседі. Осындай таңғажайып тағдыр иесі – қаһарман тұлға, ардагер мұнайшы, белгілі жазушы Рахмет Өтесінов.

Аты аңызға айналған мұнайшы, өмірі ерлікке баланатын Рахмет Өтесінов туралы жазылған еңбек һәм естелік көп. Ол туралы белгілі тележурналистер Ғаділбек Шалахметов пен Марина Голдовская түсірген «Сынақ» деген деректі фильм де бар.

Бұл фильм 1977 жылы Бұқілодақтық Ленин комсомолы сыйлығына ие болды. Осы фильмнен кейін Рахмет Өтесіновке әлемнің түкпір-түкпірінен хат келе бастағаны әлі күнге дейін айтылып жүр. Мұнай королі атанған, жазушы ретінде мойындалған, тек басшы емес, көшбасшы бола білген Рахмет Өтесінов моральдық карьерада да биіктен көрінген. Олай болса, оның болмысы мен өмір жолына саяхаттап көрсек.



Dара болмыс

Философ Виктор Франкл «Адам баласы әлеуметтік статусқа ғана емес, сонымен бірге моральдық мәртебеге де үмтүлайды. Мұндай талпыныңқа түскен адам жер әлемнің ішіндегі дүнияуи мәртебені місе тұттайды.

Олар адамның миына сыймас ұлы бір болмысқа қарай үмтүлайды. Соны игеріп, онымен біте қайнасып кеткісі келеді. Осы үмтүлышы жүзеге асқан кезде моральдық мәртебесі оған «Ажалсыз адам» мәртебесін қоса сыйлайды» дейді. Әдетте, мәнсіз, мағынасыз өмір сүрген адам тез үмтүлышп, елдің есінен тез шығады. Ал Рахмет Өтесінов жайлы жазылған естеліктерден, ол туралы шығып жатқан кітаптардан оның «ажалсыз адамға» ай-

налғанын аңғару қыын емес.

Рахмет Өтесінов, философ Франкл айтқандай, өзінің адами болмысын қа лыптастырып, өмірін мәнді өткізе білген. Ол шығармашылығымен, еңбек жолы мен, сіңірген еңбегімен ғана емес, табиғи болмысымен де артында өшпес із қалдырыған.

Рахмет Өтесіновтің болмысында жауапкершілік, еркіндік, арұят, мейірім, қайсарлық, сабыр, ақылпарасат сияқты рухани феномендердің бәрі болған. Тарқатып айтсақ, танымал жазушы Қуаныш Жиенбай Рахмет Өтесінов туралы лы жазған естелігінде «Рахаң «қазақ мұнағының королі», «қазақтың Николай Островский», «Алексей Маресьев» деген





тәрізді аса сирек айтылатын теңеулерді өзіміздің арамызда жүріпақ естіген. Міне, имандай шыны, соған бола «құдайын ұмытып» кеткен емес. Бәрін, баршасын салқынқандылықпен қабылдай біледі. Сөл «көпшік қойылған» лебіздің де арғы астарын жақсы түсінетін» дейді. Осылайша оның адамдық биігін мансап мәртебесінен жоғары қойғанын айтады. Ал журналист Зекерия Исағұлов оның бойындағы зиялышық, азаматтық қасиеттер көптеген адамдардың ойында жүруі керек деп жазған.

Рахмет Өтесінов өзі де бір шығарма сында «Адамгершілік адамдар үшін бір жақсылық істесем деген жан дүние құштарлығынан туады. Сол құштарлық қандай дәрежеде болса, адам да, оның бақыты да сондай дәрежеде» деп жазады. Болмысы ерекше тұлға бақытты материалдық дүниемен емес, адамгершілік қалыппен өлшейтінін байқатады. Философия ғылымдарының докторы, профессор Жақан Молдабеков әр кездесуде

Рахмет Өтесіновтің адамгершілік ілтиратына аса ыждағатпен назар аударғанын айтқан. «Өмірге деген құштарлығы жүздескен үлкенкіші адамға деген ықылас ынтастынан есіп тұратын. Енді көз алдыма нағыз сезімтал, асқан білгір, кәсібін мәртебе тұтқан асыл азamat, үлкен өулеттің тірегі, өмірінің белес баспалдағы елестейді» деп ағынан жарылған еken бір естелігінде Ж. Молдабеков.

Бұл қасиеті оның жақсы басшы болуына да мол әсер етті деуге болады. Жүсіп Баласағұн «Жақсы адам ғана жақсы басшы бола алады» дейді. Ал мұнайшы отбасында туған қарапайым маман қарымағындағы жұмысшылардың жағдайын жақсартуды ешқашан күн тәртібінен түсірмеген. Жас кезінен шығармашылық жолында жүрген, мұнайшылар отбасында туылғаскен Үміт Жәлеке «Өзеннің Өтесінові» деген естелігінде Рахмет Өтесіновтің басшылық қызыметі жайлы айт қан. «Ол бүйрыққа қол қоюды білетін қарабайыр басшының санатынан емес, маңына



маман кадрларды топтастырып, іс түйін шеше білген білікті басшы болды. Талай бастық таққа отырып, орнынан тұсken соң көбісі бұлтты құнгі көлеңкедей өз-өзінен жұрт жадынан ізтүзсіз жоғалаады. Оны іздейтін халық болмайды. Елдің есінде қалмаған басшы жұртқа шапағаты, халыққа қайыры тимеген, жоғарыдан берілетін нұсқауды орындаушы ғана. Ал шын басшының аты ешқашан халық жадынан өшпейді, ол туралы ел аузында жүретін естеліктер ескірмейді» деп жазған ол көшбасшы бола білген басшы жайлы естелігінде.

Жақсы адамның тағы бір белгісі – жақсылық жасай алуы, көмек қолын соза білуі болар. Рахмет Өтесіновтің жасаған жақсылығы туралы да жазылған естеліктер көп ұшырасты. Солардың бірінде ардагер мұнайшы Нұрлыхан Бекбосынов Рахмет Өтесіновтің жасаған жақсылығын ұмытпайтынын тілге тиек етіпті. «Мен отбасылды болған кезімде бір емес, үш жоғары оқу орнын бітірдім. Сонда Рахмет Өтесінов секілді қамқор қазақ азаматы болмаса, оқи алмас едім. Ол кісі менің шешем мен әйел, балашағама бар жағдайды жасап, олардың материалдық

қыындық көрмеуін қамтамасыз етті» дейді ардагер мұнайшы.

Негізінен, замандастары Рахмет Өтесіновтің атын ақызыға айналдырыған еңбек екенін айтады. Ол өзі де бір өлеңінде «Еңбек мені қайта өмірге әкелді, еңбек маған жаңа бақыт өперді» деп жырлайды. Бұл еңбекқорлығы туралы да жазылған естеліктерді көп көрдік. Солардың бірінде саяси және мемлекеттік қайраткер Саламат Мұқашев былай дейді: «Кейіннен еңбекке араласқан кезінде үнемі ізденіс үстінде жүретініне, ылғи жаңалық ашуға, тосын ой туғызуға құмарланатынына күөгер болдым. Осы ұжымның діңкесін құртып, зығырын қайнатып жүрген бір жағдай болатын. Ол – мұнай сорғыштардың құмығып қалып, өнімнің келіп кетуі еді. Рахаң еңбекқорлығының арқасында бұл пәлеведен құтқаратын тиімді әдіс тауып, өнімді өсіріп, жоспар орындалап, еңбек ақыны көбейтіп жұмыскерлердің алғысына бөлөнеді».

Қазақтың заңғар жазушысы Әбіш Кекілбаев Рахмет Өтесіновті анадан аса талантты, кемел ақылды, қажымас жігерлі жаратылған адам деп бағалағаны да бекер емес. Ардагер мұнайшы Рахмет Өтесіновтің атын ақызыға айналдырыған екенін айтады. Ол өзі де бір өлеңінде «Еңбек мені қайта өмірге әкелді, еңбек маған жаңа бақыт өперді» деп жырлайды. Бұл еңбекқорлығы туралы да жазылған естеліктерді көп көрдік. Солардың бірінде саяси және мемлекеттік қайраткер Саламат Мұқашев былай дейді: «Кейіннен еңбекке араласқан кезінде үнемі ізденіс үстінде жүретініне, ылғи жаңалық ашуға, тосын ой туғызуға құмарланатынына күөгер болдым. Осы ұжымның діңкесін құртып, зығырын қайнатып жүрген бір жағдай болатын. Ол – мұнай сорғыштардың құмығып қалып, өнімнің келіп кетуі еді. Рахаң еңбекқорлығының арқасында бұл пәлеведен құтқаратын тиімді әдіс тауып, өнімді өсіріп, жоспар орындалап, еңбек ақыны көбейтіп жұмыскерлердің алғысына бөлөнеді».



сінов бір сұхбатында «Адам интеллектісі мен шығармашылық потенциалында шек жоқ. Тек талантын ашу адамның ақылына, ерікжігеріне, табандылығына байланысты болады» деген екен. Қарап отырсақ, бұл қасиеттердің бәрі Раҳмет Өтесіновтің өзінің бойынан да табылады екен. Бұған оның басшылықта да, шығармашылықта да, мұнайшы жолында да талантын аша білгені дәлел бола алады.

Өмірінің жартысын кітапханада өткізген кей адамдар қоғамға соқыр тиын пайдасын тигізбеген күйі өмірден озып кетіп жатады. Платон «Надан кісі білмейтін нәрсесін жән жосықсыз айтса, ол – надандық. Білімді кісі біле тұра айтпаса, ол – надандықтың атасы» депті. Ал Раҳмет Өтесінов бар білгенін айта білді, ғылыми еңбек жазып, жазған кітаптарында да білетінін бөлісуді мақсат етті. Осы қасиетін бағалағаннан болса керек, орыстың танымал ақыны Роберт Рождественский

«Шынында, адамның қасіретқайғыны жеңе отырып, күресті тоқтаптайтыны, өмірді сүюден айнымайтыны тамаша емес пе?» деп Раҳмет Өтесіновтің өміріне шын тамсанған екен. Оның талмай еңбектеніп, қайсарлықтан тайынбауын тілеген екен. Мәдениеттанушы ғалым, мемлекет және қоғам қайраткері Мұрат Әуезов:

«Раҳмет Өтесінов Қазақстан тағдырының бейнесі сияқты. Ондай адамдар – мемлекеттің құндылығы. Рухы мықты сондай адамдар елдің дамуына өлшеусіз үлес қосады. Раҳмет – ерекше адам. Өз өмірін туған елінің даму жолына арнаған тұлға. Ол – нағыз халықтың ұлы» дейді. Расымен, Раҳмет Өтесінов қарымды қайраткер, ойшыл тұлға ретінде өмірден озды. Оның шығармашылығына тән үйлестік пен нарративті үндестік бітім мен бірлестіктің өмірлік құндылығына айналды. Академик жазушы Зейнолла Қабдолов Раҳмет Өтесінов азаматтыққа, одан қайраткерлікке, ақыры санаткерлікке жету үшін ардан тууы керек те, арман қууы керек екенін дәлелдеп кетті деді. Ол сонысымен қаһарман тұлға болды. Бүгінгінің батыры атанды. Оның батырлығы сонда – ол өмірді сүйді, мағыналы да мәнді өмір сүре білді.

«Алмас Қылыштай жарқырап

тұрған қазақ жігітінің ауыр қасіретке душар болып, арбаға таңылып отырып, бірнеше шығарма дүниеге әкеleуі, көңілі тату достарына көз жазып қалмай араласып, сырласып отыруы, өмір көшінің құнделікті жаңалығынан құлағдар болып отыруы бұл азаматтың жаратылысының ерекше екенін танытады. Раҳаңың бойында үлкен жүрек те, шебер тіл де бар болатын. Ол – өмірді сүйген жүрек. Шындығында өмірді шынайы сүймесе, ол жүрек баяғыдаақ тоқтап қалар еді ғой» деп толғайды Қаламқас Сатыбалды.

Америкалық журналист Берти Чарльз Форбстің сөзімен айтсақ, тарих көрсеткендей, ең танымал жеңім-паздар жетістікке жетудің алдында бастапқыда үлкен қыындықтар көреді. Олар жеңілуді қаламаған соң, жеңіске жетеді. Раҳмет Өтесіновтің өмірі де – жеңіс.





Өнегелі өмір

Рахмет Өтесінов 1927 жылы 15 қаңтарда Атырау облысы Қызылқоға ауданы Қарабау ауылында мұнайшылар отбасында дүниеге келген. Ерен тұлға 84 жыл өмір сүрді. Өмірінің 42 жылында мұнайшы болса, тағы 42 жылын жазуға арнады. Оның өмірін 1969 жылдың қазан айында болған оқыс оқиға осылай қақ жарып, екіге бөлді. Рахмет Өтесінов қызметтік міндептін орындау барысында автокөлік апатына ұшырап, өмір бойы қоларбаға таңылышп қалды. Бірақ білімі кең, адамдығы биік азамат бұл сынға да тетеп бере білді. Бойында бұғып жатқан екінші та-

лантын ашып, қолына қалам алды. Оның жазушылықта жақын болуын замандастары Доссорда соғыстан бұрын еңең деген айтулы мұғалімдер сабак бергенімен байланыстырады.

Рахмет Өтесінов өзінің естеліктерінде әкесінің де мұнайшы болғанын жазады. Оның әкесі – Өтесін Жайлыбаев Доссор кенішінде қырық жыл еңбек еткен. Ленин Еңбек Қызыл Ту орденімен марапатталған. «192930 жылдары шаруаларды күшпен жаппай ұжымдастыру шаралары іске асырылды да, ол «асыра сілтеу болмасын, аша түяқ қалмасын» ұранымен жүргізіл-



ді. Қолындағы малын тартып алған жүрт нан іздел, кесіп іздел Мақат, Құлсары, Доссорға ауа көшті. Әрбір қисық істің де өз пайдасы болады екен, өміріміз еріксіз Доссор мұнайына жегілді. Әкем Өтесін түйе арбасымен жүк тасып, сол замандағы қыындыққа қайыспай қарсы тұра білді» деп еске алады Рахмет Өтесінов.


Осылайша ол өзі де әке жолын қыуп мұнайшы болады. «Қасқырдың бәлтірігін қанша асырасаң да, орманға қарауын қоймайды» дегендей, сол мұнайшылардың балаларынан «кім боласың?» деп сұрай қалсаныз, «мұнайшы боламыннан» басқа жауап ала алмас едіңіз. Өйткені көзін ашқаннан көргені – мұнай мұнаралары, еліктеп өскені – мұнай мамандары, күнделікті құнкөрісі мұнайға байланысты, сондықтан табынары да, арманы да – мұнай», – деген екен Рахмет Өтесінов бір өңгімесінде. Ал қазір осы жолды оның балалары мен немерелері жалғастырып келеді.

«Мұнайдың іісін иіскеп» өскенін айтқан Рахмет Өтесінов естеліктерінде мұнайшы ретінде жоғары білім алуына әкесінің әсері болғанын айтады.

Мектеп бітірген соң 1944 жылы Рахмет бір жылдай кесіпшілікте жұмыс істеп, отбасына қолғабысын тигізіп жүреді. Ал әкесі ұлының жоғары білім алғанын қалайды, уақыт өткізбей, білім алуын талап етеді. Соны Рахмет Өтесінов есте ліктеперінің бірінде «Әкем «әңгіме бүгінде емес, ертеңді ойлауда. Эзір бізде арнайы білімі бар маман кадрлар жоқ. Ал болашақ солардың қолында» деп айтты» деп еске алады ардагер мұнайшы. Әкесі «Бізге керегі – білімді маман» деп шорт кеседі де, барын ұстасып, Алматыға аттандырады.

Ардагер мұнайшы бір естелігінде осы кездер туралы былай деп жазыпты:

«Соғыстың жаңа біткен кезі. Доссордан шыққан Зейнолла Қабдолов, Белекбай Сағынғалиев деген жігіттермен, сол уақытта Алматыда тауken институты болатын, онда мұнай факультеті бар еді, соған келдік. Біз келген кезде мұнай факультеті жабылып қалған екен. Не болса да, осында бір жыл оқып шығуымыз керек болды. Екінші семестрден кейін Зейнолла Мұхтар Әуезовті жолықтырып, сол кездегі ҚазМУдың тіләдебиет факультете-



тіне ауысып кетті. Мұнайшы болам деген дүрмекке ілесіп келген ол өзінің нағызы жүрек қалауын тауып, кейін үлкен әдебиетші, ғалым болды. Ал біз Сағынғалиев екеуміз Мәскеуге кетіп, Губкин атындағы мұнай газ институтының екінші курсына қабылданып, бітіріп шықтық. Мұнайшы болуды таңдаған ештеңеміз жоқ, біз үшін басқа кесіп жоқ болатын».

Осылайша Рахмет Өтесінов 1951 жылы И.М.Губкин атындағы Мәскеу мұнай институтын бітіріп шығады. Оның осы институтты қазақтар арасында тұңғыш бітіріндердің бірі болғанын да ерекше атап ету керек.

Мәскеуден маманмұнайшы деген диплом алып, елге келгенде ол жиырма бес жаста ғана болған. Оның диплом алып, жоғары білімді маман болып елге оралғанда әкесінің қуаныштан жылап тұрып қарсы алғаны, туғантұсты жинап бата-



бергені айтылып жур.

Рахмет Өтесінов еңбек жолын 1951 жылы Ембі мұнай кәсіпорнында қатардағы мастерліктен бастайды. Сол жерде уақыт өте келе цех бастығы, бас инженер, соナン кейін аталмыш кәсіпорынның директорлығына дейін көтеріледі. Одаққа белгілі мұнай институтында алған білімін практикаға ұштастыра білген ол еңбекқорлығымен, талап қоя білгіштігімен көзге түскен. Теориялық білімін іс жүзінде пайдалана білуіне мұнайшылардың еңбегін көріп өскенінің де титімдей пайдасы тиғен болар. Ал оның қарапайым еңбек адамдарымен тіл табыса білуі жұмыстың өнімділігіне көп әсер еткені әлі қүнге дейін азыз бол айтылады.

1957 жылы Рахмет Өтесінов Қошқар мұнай кәсіпшілігіне директор болып тағайындалған. Көп ұзамай өндіріске автомат енгізуге кірісіп те кеткен. Сол талабы

табысқа жеткізіп, республикада алғаш рет автоматтандырылған мұнай мекемесі пайда болған екен.

Еңбек жолында көп беделге ие болып, баспалдақпен биікке шығып келе жатқан жас 1959 жылы Жылъыой аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы болып сайланды. Оның кезінде сан салалы шаруашылығы бар үлкен ауданда аз уақыттың ішінде өнеркәсіп пен ауылшаруашылығының қарымқатынасын нығайту, колхоздарға техникалық жәрдем беру, қала мен ауыл мәдениетін ұштастырып дамыту мақсатында көптеген шаруалар қолға алынып, халықтың көңілінен шыққан екен. Осы шаралар халыққа қатты ұнанғаннан да болар, кейін оған ауданның

«Құрметті азаматы» деген атақ беріледі.

Партиядағы жұмысы туралы Рахмет Өтесінов былай деп еске алады: «Несін айтасың, партияның қолынан келмейтіні жоқ еді ғой. Жақсы жүрген жерімнен суырып алды да, «өндіріс маманы бізге де керек» деп Жылъыой аудандық партия комитетінің бірінші хатшылығына сайлады да жіберді. Сөйтіп, 1959 жылдың күзінен бастап партия өміріне бойладым да кеттім. Байқасам, барлық қызықтың тұрған жері осы екен. Хрушевтің аласапыранының қақ ортасына тап болдым. Елді жаппай жүгері егуге көшіргенде, тарыдан басқа егін егіп көрмеген Жем бойының қазақтарына зорлап жүріп жүгері екірдік. Қазақстанды бөлшектеп өлкелер ашқанда, Батыс өлкелік партия комитетінің өндіріс бөліміне басшылық етуге тура келді. Партия комитеттерін өндірістік, ауыл шаруашылық деп екіге бөлгенде Ақтөбе облысындағы өндіріс, транспорт мекемелерін біріктіріп, орталығын Қандағаш етіп, «Аймақтық өндірістік партия комитеті» құрылғанда соған хатшылыққа ауыстым. Ақыры Маңғыстаудан мұнай көздері ашылып, соны игеруге жолдама алып тындым...».

Көріп отырғанымыздай, Жылъыой аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы жұмысынан соң Рахмет Өтесінов 1961 жылы Атырау облыстық партия комитетінің өндіріскөлік бөлімінің менгешрушісі болады. Одан кейін Қандығаш аймақтық өндірістік партия комитетінің





хатшысы, «Маңғыстаумұнайбарлау» тресінің партком хатшысы, «Өзен» мұнай көсіпшілігі басқармасының бастығы қызметтерін атқарып, 1970 жылдардан бастап әдеби шығармашылықпен айналыса бастайды.

Жоғарыда айтқанымыздай, оның шығармашылықта бет бұруына 1969 жылы болған жол апаты әсер етті. Жаңадан ашылған іргелі көсіпорынның бар ауырт палығын өз мойнына алған Рахмет Өтесінұлы 1969 жылы қазан айының 28-күні мұнай министрлігінің шақыруы бойынша Ақтау қаласына асырыс бара жатып, орта жолда жол апатына ұшырайды. Міне, осы күннен бастап Рахмет Өтесіновтің таңғажайып тағдырының жаңа кезеңі басталды.

Өзеннен, Ақтаудан, Атыраудан, Бакуден білікті дәрігерлер көмек көрсетеді. Рахмет Өтесіновті ұшақпен Алматыға жеткізеді. Бірақ бел омыртқасы сынып, жұлдыны жанышылған, аяқтарынан жан кеткен екен.

«Рахмет апатқа ұшырады дегенде қалың жұрты желді күнгі қоғадай жапырылды. Қайғырды. Құдайдан шыбын жаңын қалдыруды сұрады. Жанынан қалың өртке қанатымен су сепкен қарлығаштай боп жан жары Сақыш шықпады. Қөптің тілеуі қабыл болып, Рахмет басын көтерді. Сынбады. Қайыспады. Ұрпаққа мұра болар дай кітаптар жазды» дейді замандас ағасы, мемлекет және қоғам қайраткері Сағидолла Құбашев.

Осы кезде Рахмет Өтесінов жеті ай ауруханада жатады. Осы айлар бойы жан жары Сақыш Қарабалина оны құтіп баптап, қасында болады. Қайын атасы мен кішкентай балаларын қалдырып, жұбайының қасында болуды таңдайды. Өзенге жиі хабарласып, қалжағдайын біліп отырады.

Рахмет Өтесінов ауруханада жатқанда әкесі қайтыс болады. Жан жары Сақыш Қарабалина телефонмен сейлескенде, сезімтал жүрегі бірдеңені сезіп, «Үйге барайын ба?» дейді екен. Бірақ атасы бәрі



жақсыға салып, ұлының қасында бола беруді сұрайды. Телефонмен болған бұл әңгіме олардың соңғы тілдесуі болып шығады. Мұндай қайғылы хабарды, әрине, Рахмет Өтесіновке бірден хабарламайды.

Бір сұхбатында өмірлік серігі Сақыш Қарабалина осы кезең туралы әңгімелеген екен. «Бөлекбай Сағынғалиев, Сафи Өтебаевтар Алматыдан дәрігер шақырыды. Олар операция жасау керек деді. Операциядан кейін тәуір болып, үйге қайтамыз деп жеңіл киіммен кете бардық. Сол жатқаннан келесі 1970 жылдың ма-мырында бірақ шықтық. Рахметтің жаны қыл ұшына ілініп тұрғанда, атамың қайтқан хабарын маған бұрынғы мемлекеттік жоспарлау комитеті тәрағасының бірінши орынбасары Ғарай Сағымбаев пен Саламат Шалабаев естіртті. Емдеуші дәрігер, профессор Азарова Рахметке айтуға үзілдікесілді қарсы болды. Енді жарты жыл жатып шығатын болдық. Қартқа уақыт болғанын қалай естіртеміз деп жол-

дастары толғанды. Әуелі жүқалап, «қайсымыздың үйімізге баrasың, енді сен даладан кетпейсің ғой, біреуіміздің дастарқанымыздан дәм татып аттан» деді. Жолдастарының бәрі біздің үйге, біздің үйге дегенде, Рахмет кезінде Мәскеуде өзімен бірге оқыған Бақытжан Есенғалиев, әйелі Шұға деген менің бала күнгі досым, сол отбасын таңдады. Үлкен дастарқан әзірлеп, барлық достары «Әлде, қалай болады?» деп емдеуші дәрігерін алдырыдық. Ал енді естіртуге келгенде, ешқайсының жүрегі дауаламады. Ақырында Рахметтің шешесі мен Жанша Таңабаев деген жігіттің шешесі рулас, екеуі өзілдесіп жүретін азамат бар еді, ол «уақыт болды ол кісіге» деп естіртті. Менің жүрегімді жарып кете жаздағаны, әкесін естірткенде құжатында, Рахметтің хал күйі әлде қалай болады ма, көтере алады ма, қолынан топырақ бүйірмәғанын деп, жаным шарқ ұрды. Онсыз да жанын алақанымызға салып, ауруханадан алып шыққан едік, онда бүгінгідей күйі жоқ,



тек шалқасынан жатады. Қүйі төмен. Сонымен, естігенде, сенбеді. Түк сенбеді. Ақырында көзі жеткен соң, ағылтегіл жылады. Шерін тарқатсын дедік. Сөйтіп, Рахметтің тілеуін тілеген халық пойызға шығарып салды» дейді бір сұхбатында Сақыш Қарабалина.

Әкесінің қазасын ауыр қабылдаған Рахмет Өтесінов кейін әкесіне шығарма шылдығы арқылы ескерткіш қойды. Ал осы қыын кездері жан жары Сақыш Қарабалина қасынан табылып, қолдау білдірді. Екі ұл, екі қызын өсірді, мектеп директорлығы қызметін де абыраймен қатар алғып жүрді.

Осы оқиғадан кейін Рахмет Өтесінов жазушылықта бет бұрып, қалған 42 жыл өмірінде он бір кітап жазыпты. Ал аурухана төсегінде жатқанда кандидаттық диссертациясын аяқтайды. Бұл ғылыми жұмысты ол Манғыстауда жүргендеге қолға алған екен. 42 жасында бірінші топтағы мүгедектік алған қайсар тұлға емтихан комиссиясын да ауруханаға шақырады.

1995 жылы Рахмет Өтесіновтің жандосы Өтеп Балғымбаевтың баласы Нұрлан Өтепұлы Балғымбаев ҚР үкіметінің премьерминистрі қызметінде жүрген кезінде Жаңаөзенде тұратын Рахмет Өтесіновті Алматыға көшіріп, үш бөлмелі пәтер сыйлайды. Мұндағы ойы – үлкен қалада денсаулығын күтуге, сапалы ем алуға жақсы мүмкіндік бары екені біршама естелікте айтылған.

Аңыз адам Рахмет Өтесінов 2011 жылдың алғашқы күндерінде Алматыда көз жұмды. Өмірден озарының алдында Сақыш апай мен балаларына «Менің негізгі өмірім Манғыстауда өтті. Әкем де, анам да Ақшұқырдағы қауымда жатыр. Мені де солардың қасына жерлендер» деп өситет айтып кетеді. Сүйекті үш мың шақырым шалғайға жеткізу онай шаруа болмаса да, бірге еңбек етken ағасы Орынбай Бердіғожиннің баласы, белгілі кәсіпкер Роберт Орынбайұлы арнайы ұшақ жалдап, елге жеткізеді. Осылайша, манғыстаулықтар Рахмет Өтесіновті соңғы сапарға үлкен құрметпен шығарып салады.

Рахмет Өтесінов отандық мұнайгаз саласының дамуына өлшеусіз үлес қосты. Мұнай барлау жұмыстарына көп көніл бөлді, кадр мәселеісіне баса назар ауда-

рып, қарапайым мұнайшылардың тұрмыстық жағдайын жақсартуға септесті. Ел жоқ жапан далада Қазақстан мұнайшыларының жеріне айналған Жаңаөзен қаласының іргетасын қалауға атсалысты. Кесіби шеберлігімен, өндірісті ұйымдастыру қабілеті мен, терең білімімен, өмірлік тәжірибесімен осы саланың дамуына септігін тигізді. Рахмет Өтесінов – бейбіт өмірдің батыры. Оның өмірі жайлы айтқанда қызыл сөздің қажеті жоқ. Себебі атақта да, марапатқа да кенде болмаған азамат КСРО-ның және Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларымен, Еңбек Қызыл Ту, «Құрмет белгісі», Қазақстанның жоғарғы мемлекеттік марапаты – «Құрмет» ордендерімен және медальдарымен марапатталды. Оған Қазақ КСР еңбек сіңірген мұнайшысы, КСРО құрметті мұнайшысы атағы берілді. Ақтау қаласы мен Жаңаөзеннің «Құрметті азаматы» атанды.





Пұмысы бөлек, асыл азат

Басыңа қыындық түскенде қасыңдан табылатын досқа не жетсін! Бала күнгі досы, тілінен бал таматын шешен Зейнолла Қабдоловтың рухани қолдауын, жылы сөзін сонда өрекше сезінген. Зекең кейде палатаға кіре алмаған жағдайда егілтіп хат жазып кетеді.

Ардақты Рахмет!

Мереке алдында мейірімізді төгіп терезеге тәніп, өзінді алыстан құшақтап тұрмыз. Сәтімен емделіп, үйлеріңде аман қауышуларыңды жан жүректен тілейміз, аяулы дос!

Зейнолла, Сәуле.
11.1969 жыл, Алматы

Ардақты Рахмет!

...Хатта жазғандарыңың бәрі дұрыс: диссертация да, деректі шығарма да жазуың керек. Екеуі де қолыңдан келеді.

Соңғысын қалай бастаудың ретін сұрапсың. Ретсіз баста! Сонда литературщинадан аулақ, табиғи шығады. Мүмкін бір қызық әпизодтан бастарсың. Я болмаса, өзіңіңің мұнайшы болуыңа себептен бастарсың. Мүмкін алдыңда әуелден бір арман, не мақсат тұрды ма еken: туған өлкеңің тұтқасын (әрине, ата кесібіңе байланысты) қолыңа ұстап, Архимедше бір жұлқып қалуды аңсадың ба, кім білсін.

Қысқасы, баста, жаз! Ешкімге еліктеп емес, тек қана өзіңшे жаз. Сенің өмірің бір ұзақ әңгімеге қайтсе де жетеді. Жаз да хабарлас, маған көрсет. Одан арғы әңгіме нақты да затты (предмет) болады».

Сәлеммен, Зейнолла.
10.06.1971 жыл, Мәскеу



Жалғасқан жол

«Уа, Құрманғазы баба! «Көбік шашқан» күйінің қалай туғанын енді ғана түсіндім. Каспийдің долы толқынынан сол күйінің өршіл сарынын естігендей болдым, сенің өр тұлған теніз тәрінен көзіме шалынды. Сен тірісің! Сенің күйшілік құдіретіңе күш берген, шабытынды шалқытқан кәрі Каспий тұрғанда саған өлмек жоқ. Сен мәңгіліксің!».

Каспийдің жағасында, тенізден ескен самал желге қеудесін тосып, қоңырқай көздерін сонау алыс беткейге, теніз өріне тігіп тұрған сұңғақ бойлы, бидай өнді жігітке келген ойлар осы болды. Бұдан тұптура бір ғасыр бұрын осы жағаға келіп, Атыраудың тасығанын өз көзімен көріп, теніздің дүлей күшінен шошынған Құрманғазы қасына ерген Қашаған жырауға:

— Жырла, жырла мына тасыған тенізді, бұлқынған күшті, жұлқынған толқынды! Каспийдің тасығаны — ғаламат күштің оянғаны, — деген екен.

Қашаған жыраудың «Көбік шашқан» дастаны, Құрманғазының осы аттас күйі осылай туса керек.

Мына тұрған жігіт кейін өзі де осы тебіренген Каспийді, мұлгіген Маңғыстауды, құйыны үйірлген Үстіртті жырға қосып, бұл өңірдің қайта құлпырған ғажап өмірін өн ғып айтатынын өзі де сезген жоқ еді.

Рахмет Өтесінов еді бұл. Ол Ембі өзенінің көкорай шалғын жағасында, ата кәсібі мұнайшылық болған Жайлыбай қарттың жыртық лашынында дүниеге келді.



Үстірт елінде ботасы өлген інгенге жоқтау айтатын тамаша дәстүр бар. Сондайда бар дүниеден күдерін үзіп, не шөп жемей, не су ішпей, өлімге мойын ұсынып жатқан аруана зарлы сарынды естігенде көздерінен жас парлап, жатқан орнынан тұрып кетеді екен. «Өлгеннің артынан өлмек жоқ» деп, тіршілік қамына қайтадан кіріседі екен. Анда-санда ботасын жоқтап боздаған кезде, бар дала інгенге қосылып зар айтқандай болады екен. Бұл ән жоқтау болғанымен, өмірді жырлаған құдіретті ән-тін.

Рахмет, міне, осындай елде өсті. Оның бойына шын азаматқа тән қасиетті, өлгезектік, мейірбандық мінезді сол әндер дарытты. Еліне, жеріне деген іңкөрлік, мәлдір махаббат бар еді онда. Белгісіз бір сағыныш құшағына сұңгіген жігіттің лұпілдеген жүргегінің тынымызың дірілі бар еді онда. Алыстағы адырдан әрең талып жеткендей болған сарыны сазды, әуені назды сол бір әндер оның жүргегін атша тулатты, арманың әлдеқайды асқақтатып өкетті. Сондықтан болар, ол өзінің тұнғыш кітабын «Айтылмаған ән» деп атады.

Бірақ мұның бәрі кейін болады, Рахмет кітабын кейін жазады. Сондықтан біз өуелі, сонау елуінші жылдары Рахметтің Москвадағы академик Губкин атындағы мұнай институтына түсken шағына тоқталайық. Рахмет көзінен екі ел тысқары қылмаған әкесі, осы Ембі-Доссордың бауырғы мұнайшысы Жайлыйбай қарт сол күні оңаша шығарып алып, өкелі-балалы екеуі отырып ашық сырласқан еді.

— Ұлым, Рахметім, — деді сонда әкесі. Адам баласына жалғыз-ақ өмір берілетіні секілді, оның тек бір ғана асқар таудай ұлы арманы болғаны керек. Ол арман саған қанат бітіреді, дүр сілкіндіреді, сені қияға жетелеп, таудан да асырады, мұхиттан да алып өтеді.

— Ұқтым! — деді Рахмет.

— Біз кейде тұрмыстың құлымыз. Ол нашарласа — өшкенің, ол жақсарса — ес-кенің. Оны өсіре білу де өнер. Жақсы жағдайды көре білу де, жаман жағдайға көне білу де үлкен қасиет. Сенің бойынан сол қасиетті көргім келеді, ұлым. Сенің басынча бақыт құсы қонғаның көргім келеді, құлым! — деді әкесі.

— Ұқтым! — деді Рахмет.

«Уа, адамдар, біле білсеңдер, ол құсты шырқау биікке алып ұшатын қанат бар, ол құсты қексеген жеріне жеткізетін талап бар. Ол құстың қекірегіндегі арманы аспаннан құйылатын әсем ән бол төгіледі. Ол құстың жүргегіндегі сырьы айлы тұні алыстағы жұлдызы бол жарқырайды. Сол әннің айтылмай жатып таусылғаны қыын, жұлдыздың мезгілі жетпей сөнгені жаман! Әсем гүлдің ажары тым ерте солса, сол қыын, көрікті елдің базары тым ерте тарқаса, сол қыын.

Заманыңың дауылы тұр алдыңда! Тағдырыңың жауыны тұр алдыңда! Әмір қойған көп сұраққа өзің іздегейсің жаупты. Әмір тосқан шырдың өзің шешесің қыынын. Себебі, сенің алдыңда кейде сүрінетін, кейде мұдіретін, кейде тұйыққа тірейтін, кейде биікке сүйрейтін небір неғайбыл жол жатыр».

Әкесі айтқан сөз Рахметтің есінде мәңгілік қалды. «Құдай бермегенді мұнай береді» деп, жер астынан кейде жылап, кейде тулап аққан мұнайға табынған қарапайым жұмысшы семьясында өскен ол заманыңың дауылына да, тағдырының жауынына да дайын бол қалыптасты.

Жаратылысынан шалт қымылды, неге де болса бел шешіп, белсене кірісетін Рахмет Маңғыстауға келіп, «қаланы осы жерге саламыз» деп тұнғыш қада қағып, алғашқы күркені тұрғызғанда отыз алты жаста еді. Оның қасында он шақты бұрғышы, бір прораб, жалғыз аспазшы бартын. Ауыз шаяр сұы, ит жатар көлеңкесі жоқ, баябан шелге ұқсас, борпылдақ құмды осынау жалпақ даланы осы келген бір топ адам оятты. Даланы дүбірлеткен олардың үндерінен қарсақ қашып, қанды тырнақ қекжал қасқырлар да үркіп кетті. Көз мұдірер бұдьры җоқ құла дүз, жапалақ ұшпас жапан далаға қала орнады. Бұл жерді ежелден мекендейген некенсаяқ қазақтар өздерінің тұпкі армандарын сырттарына шығарып, мына шөлді өнірді «Өзен» деп атапты. Мұнай қорының молдығы жөнінен даңқы бүкіл елге мәшіүр болған осы қала «Жаңа Өзен» деп аталды.

«Жаңа Өзен» осы. Баяғы заманда аспанында жұлдыздар ғана мұнай мүлгігін бұл қалада самаладай жарқырап электр жарығы жанды, асфальт көшелер



салынды, биік өсем үйлер тұрғызылды, жауын-шашынды жылдары ғана жусаны көгеретін, тұщы сұы да жоқ сар далада жасыл желекті бақ жайқалды. Бұл қалаға еліміздің түкпір-түкпірінен ауыр жұмысты мекнат емес, рақат деп білген жастар ағылды. Жаңа Өзен — жастар қаласына айналды, құрыш білек еңбек дүбірі осында асқақтады, махабbat өні осында айттылды.

Жаңа қала Жаңа Өзенде тұңғыш ұйымдастырылған мұнай кәсіпшілігінің тұңғыш бастығы Рахмет Өтесінов болды. Бұл мұнай парафин секілді аралас қою заты бар оны жер үстіне шығару ауыр еңбекті ғана емес, алғыр инженерлік ойды, дүлей табиғатпен тайталаса білетін тапқырлықты талап етті. Мұнай өндірісінің жуан ортасында жүрген Рахметке бар іске басшы, мықты ұйымдастыруши ғана емес, мұнайды көл-көсір етудің тиімді тәсілін іздеуші жаңашыл инженер болуға тура келді. Творчестволық ізденістің азапты да, рақатты жолына ол осылайша инженерлік еңбек арқылы тұсті. Өндірістік творчество мен қalamгерлік творчество әрдайым қатар оянатынын, бұл екеуі үнемі сапарлас екенін, — бұл ежелден белгілі қағида болғанымен Рахмет оны өз өмірі, өз тәжірибесі, өзі кешкен мекнаты, тұн өрінде мазалаған ауыр ойлар, сарыла атқызыған таңдары, тұңлілірген қасіреті, ал кейде қанаттандырған қуанышы арқылы сезінді.

Сонымен, Маңғыстау түбегіндегі жаңадан ашылған алып мұнай кәсіпшілігінің тұңғыш басшысы инженер Рахмет Өтесінов облыс орталығы — Шевченко қаласында өткізілетін Бүкілодақтық ғылыми-техникалық конференцияға «Волга» машинасымен заулатып келе жатты. Конференцияға Татарстан, Азербайжан, Башқұртстан, РСФСР-дан, Москва, Ленинградтан мұнай өндірісімен шұғылданатын ғалымдар келеді, шетелдерден де қонақтар қатысады. Міне, осы конференцияда өзі ашқан жаңа тәсілі жайлышылыми баяндама жасамақ ол. Бұл баяндамасын ғалымдар құптаса, Рахметтің болашағы айқын аңғарылып, абыробой аспанға көтерілмек. Ең бастысы өзі таза, әрі арзан мұнай алуудың, сөйтіп ел байлығын молайтудың тиімді де өнімді көзі

ашылмақ.

Арман осындаға асқақтамағанда, қайда асқақтайды? Төтті қиял осындаға астыңа мінген «Волгадан» да қатты зауламағанда, қашан заулайды? Алдында биік меже, үлкен еңбек, ал ең негізгісі, өз өміріндегі басты арманы орындалғалы тұрғанда, жігіт жүрегі неге атша туламасын? Неге өрге шапшымасын? Қуанышы неге лапылдамасын?

Бірақ... Бірақ... Әттең, осы «бірақ» деген сөз!

Рахмет күтпеген қайғыға кездейсоқ жолықты. Асфальт жолмен атқан оқтайды зулап келе жатқан машина кенет оқыс бұрылды да, жол шетіне қарай қисайып, екі-үш рет аунап тұсті. Сол-ақ екен, Рахметке аспан аударылып түскендей, жеркөк төңкеріліп кеткендей болды. Әлгінде ғана қиял құшағында келе жатқан жігіт, еліне де, жеріне де берері мол есіл ер, кірпігі әрең қимылдап, арындаған ажалмен ақтық құшін салып, арпалысып жатты. Қөздері түк көрмейді, ал құлағында — бір ызың, бір сарын...

Тепсе темір үзетіндей, арқыраған асауды арқансыз-ақ ауыздықтап алатындағы Рахмет осылайша бір сәтте мүгедек болып қалды. Төбесіне қара бұлт үйірілді, қасірет туманы бір күнде қаумалап алды. Кешегі сайрап жатқан даңғыл жолы тұйыққа тірелгендей болған ол, не дегенмен теңіз ұлы емес пе, тұңғығықтан малтып шығудың жолын іздеді, үміттене іздеді... Қалай, қалай табады оны? Табыла ма ол?...

«Дүниеде қарадан ақ басым, жаманнан жақсы көп» дегендей, Рахмет дағдарған сол күндері оған жоқтау емес, жанына демеу болар сөз айтып, адамдар келді. Оның қеудесінде сөнуге айналған үміт сөүлесін «Правда» газетінің сол кездегі тілшісі Ұбыраев Бөгөнбай қайта тұтатты. Өзгенің қайғысын өз қайғысындағы көрген оның «Тағдырмен тайталас» деген очеркін оқыған, жапан далада жалғыз қалса да, тағдыр талқысына тайсалмастан жалғыз шапқан есіл ердің өмірімен сол очерк арқылы танысқан режиссер Марина Голдовская мен журналист Фадылбек Шалахметов ол туралы «Сынақ» деген фильм тоғышарлыққа қарсы күрестің жалауын



көтерді, әділет ұранын аспандата айтты. Өмір дабылын қаққан бұл фильм бүкіл Одақты аралап, одан соң Лейпцигтегі дүниежүзілік көрмеде көрсетіліп, оның алтын медалін алды, фильмнің авторларына Ленин комсомолының Бүкілодақтық сыйлығы берілді. Ал, ең бастысы, Рахметке төнген қара бұлт ыдырап, тұман серпілді, күн қайта шықты.

Міне, осы тұста Рахметке оның бала кезінен досы, мектептес құрбысы, жазушы-ғалым Зейнолла Қабдолов келіп:

—Уа, таубұзар! —деді, ескі досты емірнен құшақтап. —«Алтын кездік қап түбінде жатпас» деген. Қанатың қайырылмапты, қайта қатайыпты ол. Өмірдің ащы-тұщысын сенен көп татқан, жақсы-жаманың сенен көп көрген ешкім жоқ. Отыра қал да, жаз соларды. Шығарма шындықтан туады десек, шындық — өмірден туады. Жаз өмірді!

Тағдыр өзіне қатал келіп, тым ерте ғаріп болған Рахмет: «қоғамның не қажетіне жараймын, не кәдеге асамын?» — деп

жүргендеге Зейнолланың бұл сөзі оның кеудесіне тағы бір үміт дәнін екті, алыста тұрған арманына қайта жетеледі. Сөйтіп...

Иә, сөйтіп, мұнай жолындағы құрестің бел ортасында жүріп сан ғасырлар мүлгіп жатқан Маңғыстау түбегінен мұнайдың шын мәніндегі түпсіз кенін ашып, құмды бораны құндіз-тұні ұйтқыған құла дүзде қала ашқан адамның тағдыры бір күнде бағытын өзгертіп, қолына бұрғы орнына қalam алғызыды, өз көрген-білгендерін, өмірден түйгендерін, небір қыын кездері қасынан табылған замандастарының бастан кешкендерін қағазға түсіртті. Николай Островский жазушылықтың азапты жолына азamat соғысының алапат далаынан келсе, инженер Рахмет Өтесінов ұлы дәуірдің ғаламат дүбірі сілкінтекен еңбек майданынан келді. Екі аяқтан айрылған Алексей Мересьевті ұлы Отанына деген шексіз махаббат, жауларға деген шетсіз өшпендейлік қолына қайта қару алдыrsa, басына Мересьевтің тағдыры



туған инженер Рахмет Өтесіновті бойындағы бар өнерді, мүмкін, ақтық байлығын «еліме беріп кетейін» деген ой жазушылық үстелге отырғызды, оған өз өміріндеңі ең әсем, ең ғажап өнді айтқызды. Ол өзінің алғашқы кітабын «Айтылмаған ән» деп атады.

Рахмет Өтесіновтің мұнайшылар тұралы: «Айтылмаған ән», «Алыптың ашылуы», «Алыстағы алаулар» трилогиясы, міне, сондай еңбек. Осыдан біраз бұрын жарық көрген бұл трилогия, Қазақстандағы мұнай өндірісінің тууы, дамуын баяндаған бұл шығарма, қазақ мұнайшыларының азапты да ардақты еңбегін Жыр еткен бұл кітап, әттең не керек, орыс тіліне әлі аударылған жоқ. Рахмет салған ән орыс тілі арқылы Одақ оқырмандарына әлі жеткен жоқ. Бұл игілікті іс те өз Ұбыраевын, өз Шалахметовын күтіп тұр.

Сонымен...

Осындағ мазмұнды шығарма, шығарма емес-ау әсем ән туғызған инженер Рахмет Өтесіновтің өзі де жырға айналды. Еңбектегі ерен ерлігін мүгедек болса да әрі қарай жалғап, Николай Островскийдің әдебиеттегі, Алексей Мересьевтің майдандағы деңгейіне көтерілген Өтесінов жайында заманымыздың үлкен ақыны Роберт Рождественский былай деп жырлады:

Бәрі де махаббаттан басталады!
Ел айтты: «жай сөз еді баста бәрі»
Мен болсам өз сөзімді қайталаймын:

Бәрі де махаббаттан басталады.

Жұмыс пен жарық сөүле санадағы,

Гүл көзі, сәбилік көз баладағы —

Бәрі де махаббаттан басталады!

Бәрі де махаббаттан!

Білем соны,

Бәрі де, — былай қойсаң басқаларын —

Жек көру — махаббат қой ұлы, еңселі!

Бәрі де махаббаттан басталады:

Шарабың, арманың мен қорқынышың

Қасірет, сағыныш пен ерлік ісің —

Көктем бол сыйырлайды:

«Жаса, мәңгі!»

Біздің бәріміз қыршын кеткен аяусыз жазушымыз Саттар Ерубаевтың «Менің құрдастарым» романындағы көмір инженері Рахметтің үлгісіне еліктең өстік. Ал, адам жаңының инженерінә айналған мұнай инженері Рахмет Өтесіновтің бұл ғажап ерлігіне, ерен еңбегіне, өршіл өнеріне, ең бастысы оның құштілігіне қалай тәнті болмассың, қалай бас имейсің?!

Оразбек БОДЫҚОВ
«Қазақ әдебиеті»,
14 қараша, 1986 жыл





Өзеннің Өтесінові

Маңғыстау мұнайының ашылуы тарихта алтын әріптермен жазылып қалды. 1961 жылдың 5 шілдесі Жетібай мұнай барлау алаңындағы №6 ұнғыдан қуатты мұнай фонтаны атқылады. Сол жылдың желтоқсан айында Өзен барлау бұрғылау алаңында Михаил Кулебякиннің бригадасы қазып жатқан №1 ұнғыдан да үлкен мұнай фонтаны алынды. Маңғыстау мұнайын тезірек ашып, жеделдетіп халық игілігіне беру мақсатында 1964 жылы шілде айында Өзен мұнай газ өндіру басқармасы құрылған болатын. Оның бірінші басшысы

болып Рахмет Өтесінұлы тағайындалды.

Рахмет Өтесінов Маңғыстау мұнайын игеруге келген Одақтың 40-тан астам ұлт өкілдерінен интернационал мұнайшылар ұжымын қалыптастыруды. Ол естеліктепінің бірінде «Ол кездे ұлтына, жеріне қарап бөлу деген атымен болмайтын. Сол кездегі демографтардың айтуынша, Өзенде 44 ұлт өкілі бар ұжымға үйимдасып, тату-тәтті өмір сүріп жатты. Бұл идеологиялық үгіт емес, болған ақиқат» деп жазыпты.

Құрылыш істерін қолға алып, мұнайшы-



лардың әлеуметтік мәселелерін де шешуге білек сыйбана кірісті. Маңғыстаудың мидай даласында болашақ Өзен қаласының бірінші қазығын қағып, іргетасын қалады.

Өзен мұнайы құрамында парафин 24 пайыз болатын. Өзеннің мұнайы жазда 40 градус ыстықта қатып қалатын. Оның үстіне Өзен мұнай кенорнының мұнайлы қабаттарының табиғи қысымы өте төмен. Одақта бұрынсоңды Маңғыстаудың мұнайындағы құрамында парафині көп кенорындары сирек болуына байланысты мұндай кенорындарын игерудің одақтық үлгілері болмаған. Сол кездің өзінде Рахмет Өтесінов кенорнын тиімді пайдалану жолдарын таба білген. Одақтың белгілі ғылыми институттарымен қойынқолтық жұмыс істеп, біршама қындық көрген. Сол кезде Рахмет Өтесіновтің қасында болған мұнайшылар өндірілген мұнайды құбырмен айдауды айтпағанның өзінде, оны жер бетіне шығарудың өзі проблема болғанын еске алады. Осындағы күрделі мәселелерді шешу кезінде Рахмет Өтесінов өндіріс басшысы ретінде жауапкершілікті өз мойнына алған, өте сауатты, білікті де бола білген.

Қазір үлкен қалаға айналған жер сол кездері жапан дала болып жатқан еken. Тіпті, қаланың атауын да Рахмет Өтесіновтің қойғаны өлі күнге жылы еске алынады. Жаңаөзен қаласының құрметті азаматы Асылбек Сүйеуханұлы «Өзен қалай басталды?» материалында «Өзенге» қалай ат қойылғанын еске алады. Онда Рахмет Өтесіновтің құрылыш мекемесінің бастығы Захаровпен диалогы келтіріледі.

– Мен мөр, штампыға тапсырыс бергенде «Өзен» деп жазғанмын, дейді Рахмет Өтесінов.

– Біз бұл жерге «Газгородок» деп атқойғанбыз, дейді «Су 13» құрылыш мекемесінің бастығы Захаров.

– Жоқ, бұл жер енді Өзен деп аталады, дейді Өтесінов.

– Өзен деген ана экспедиция орналасқан жер емес пе?

– Ол ескі Өзен, ал мына жер енді жаңа Өзен болады.

– Онда жаңа деген сөзді қосып жаэбайың ба? – дейді Захаров. Осылайша жаңа қала «Жаңаөзен» деп аталып кетеді.

Талантты да алғыр инженер Рахмет Өтесіновтің мұнайшылық жұмысы басаяғы 18 жылға созылған еken. Осы 18 жылданың ішінде ол қызмет баспалдағымен біраз шыңға шыққан. Жоғарыда оның Комсомол, Қосшағыл мұнай кәсіпшіліктерінде басшылық қызметтер атқарғанын айттық. Сол кездे оның Құлсары аудандық пар тия комитетіне Бірінші хатшылық жұмысқа баруына сол кездегі Гурьев облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы Нұртас Оңдасынов ықпал еткен еken. Жас кадрларды жіті қадағалап отыратын ол 32 жастағы Рахмет Өтесіновке көп үміт артса керек. Жаңаөзен мұнай өндіру басқармасы құрылғанда Рахмет Өтесінов осы хатшылық қызметте болған. Қағаз жұмыспен айналысып жүргендеге өндіріске жұмысқа шақырту түскенде оның қуана келіскен де біршама естелікте айтылыпты. Осылайша 1964 жылы ол Жаңаөзен мұнай өндіру басқармасына басшы болуға қуана келіскен. Міне, сол жылдан кейін «Өзеннің Өтесінові», «Өтесіновтің Өзені» деген тіркестер қатар айтылатын болды. Екейі бірінен бірі ажырамас егіз ұғымға айналды.

«Соңғы аялдама» кітабында Рахмет Өтесінов «Менің көңіліме медеу тұтарым – менің өмірімде Өзен болды. Қай белестен қарасам да, артымда қол бұлғап Өзен тұрады. Алла тағаланың мені лауазым баспалдақтарынан аттап өтіп, жоғары өрлеп бара жатқан жерімнен күрт қайырып әкеліп, Өзеннің ала шаңына салғаны – сенің тағдырың осы дегені шығар. Әйтпесе мен көп шенеуніктің бірі болып елеусіз қалар ма едім, кім білсін?!» деп жазады. Ал бір өлеңінде «Өзегімді жарып шыққан Өзенім» деп тебіренеді Рахмет Өтесінов.

Рахмет Өтесінов жаңадан құрылған мұнай кәсіпшілігі басқармасының басшысы ретінде 6 жыл абыраймен еңбек еткен. Ұжымды басаяғына дейін өзі қолдан құрып, ұйымдастыру кезінде бір сәтте тыным таппаған. Өзен басқармасы енді ашылғанда сол жерге барған журналист, Қазақстан журналистер одағының мүшесі, Жаңаөзен қаласының құрметті азаматы Жоламан Айдарбаев айнала тегіс жұпны болғанын жазыпты.

«Айдалаға енді ғана қос тіккен мекен-



нің төңірегі тым жұпныны, жалаңаш көрінді. Бұл маңда тәбесіне шатырдан қамсау жасалған көзге қораштау екіш үй тұр. Олар жаңадан ашылған барлаубұрғылау, мұнай мекемелері. Сол екіш бәкене үйлердің ілгері бетіндегі ұзын үйге «Өзенмұнай» басқармасы орналасыпты. Басқарма бастығы Рахмет Өтесінов жұмыс үстінде болып шықты. Рахмет бидай өнді, ат жақты, әр сөзін тасқа басқандай қадап айтатын, асығыптықпай сөйлейтін байсалды кісі көрінді. «Жаңадан құрылып жатырмыз ғой. Жетпей жатқан тұстарымыз аз емес. Он екі де бір нұсқасы жоқ жерге бірден бәйтерек мәуелеп шықпады дейтініміз бар ғой. Бірақ бұл – ақталу емес. Кемшіліктеріміз де көп» дей келе, бізді өндіріс жайымен таныстыруды» деп еске алады. Рахмет Өтесінов оған мемлекеттің Өзен кенорнын игеруге ерекше көңіл бөліп отырғанын, Маңғыстау байлығының даму болашағын әңгімелей келіп, осы маңда Өзен геологиялық барлау экспедициясында 12 скважина бұрғыланып жатқанын, бірақ бұрғылау жұмыстарына қажетті құралжабдықтардың жеткізіліп үлгермей, мұнай Өзенді игеру ісіне тіке-лей кері әсері тиіп отырғанын дәлелдермен жеткізеді.

Айта кету керек, «Өзен» мұнай өндіру кәсіпшілігі 1965 жылы алғаш рет 330 мың тонна мұнай өндіреді. Келесі жылы 1,5 миллион тонна, одан 3 миллионға жетіп, өндірістің мерейі үстем бола бастады. Ал 1969 жылы Өзен ел қазынасына 7 миллион тонна «қара алтын» құяды.

Рахмет Өтесінов бір естелігінде Жаңаөзенде газ өндеу зауыты жобасының авторы француздар болғанын еске алады. Сол кезде алты маман келіп, жергілікті кадрлар бір жыл бойы зауыт салып, оны іске қосады. Осы кезде ол «Елдің байлығын елдің өзі игеруі керек» деген ұстанымда болғанын айтады. Бұл да оның халыққа жанашырылғы, отанға деген суйіспеншілігін көрсетпей ме?

Мұнай десе ішкен асын жерге қоятын Рахмет Өтесінов Маңғыстаудан мұнай кеніші табылғанда ойланбастан сол жерге аттанғанын айттық. 37 жастағы азамат шөл даланың қаңбақ тұрмас қу тақырына барып, қазық қағып қала саламыз деп оншақты бұрғышы, жалғыз аспазшы бар

ұжыммен аттанған екен.

Киік жортқан құла түзде қала салу бұрынсоңды ешкімнің ойына кіріп те шықпаған болар. Ал Рахмет Өтесінов Өзенге бара сала сол үлкен іске кіріспе тегеді. Көп ұзамай Қазақстан картасына Жаңаөзен қаласы енеді. «Үй сал» десе тұра қаштын әдетіміз бар, ал қала салу, расын айтқанда, қыынның қыны еді» деп еске алады бір еңбегінде ардагермұнайшы.

Ал тағы бір еңбегінде Өзенге барғандағы әсерін былай деп сипаттайды: «Сол күні қазіргі Жаңаөзен қаласының ортасында көргенім құрылысшылардың он шақты вагоны мен екі барақ үй ғана». Міне, осы жерде біртіндеп көшпелі вагондар дың орнына үйлер, палаткалардың орнында шағын елдімекен пайда болып, қала орнаған.

Жаңаөзенде Рахмет Өтесінов іскербасшы, мықты үйымдастырушы ғана емес, мұнайды көлкесір етудің тиімді тәсілін іздеуші жаңашыл инженер де бола білген. Бір естелігінде ол Мәскеу Маңғыстауда мұнай алууды дамыту мүмкіндігіне сенбенін, сондықтан мұнайшыларды қажет құралжабдықпен қамтымағанын айтады. Сондай кездері білек сыйбана іске кіріспі, дәлел мен дәйектер келтіріп, өндірісті дамытқанын, құралжабдықтарға да қол жеткізгенін еске алады.

Негізінен, мұнай кешенінің құрамында қырықтан астам қоршаған ортаны ластаушы көздер болады екен. Яғни, белгілі бір мөлшерде мұнай өндірісі қоршаған ортаға белгілі бір зиянын тигізеді. Ал Рахмет Өтесінов мұнайдың қоршаған ортаға кері әсері болмауын да жіті қадағалағының байқадық. Естеліктерінде ол мұнайды қандай жолмен өндіргенде қоршаған ортаға зияны барынша аз болатынын да назарға алып, соған көз жеткізгеннен кейін ғана өндіріске енгізгенін бірнеше рет жазған екен.

Көптеген естелікте арбада отырса да, Рахмет Өтесіновтің Волга машинасымен Өзеннің мұнай кәсіпшілік орындарын жиі аралап, еңбек адамдары мен, өндіріс басшыларымен кездесіп, ақылкенес беретіні де айттылған. Бұл да «Өзегін жарып шыққан» Өзенді жүргегінде сақтап жүргенін көрсетсе керек. Бұған оның бір елеңінде «Біз Өзенмен біте қайнап, бірге



өстік, айыра алмас адам түгіл Құдай да» деген жалынды жолдары дәлел емес пе? Осы шумақтардың өзі тұла бойыңды шымырлатып, оның Өзенге деген махаббатын пашететіндей.

Өзен кенорны одақ көлеміндегі үшінші ірі мұнай алаңы саналды. Сол мол қазынасының арқасында өуелі жеке аудан дәрежесіне ие болып, кейін 1968 жылы дербес қала мәртебесін алды. Сол кездің өзінде бұл өлкенің даңқы одақ көлемінде жер жарып жатқан еді.

Мұнайшылар ұжымы үш дүркін одақтық жарыста озып шығып, Қызыл Ту алды. 1970 жылы бесінші бесжылдықтың қорытындысы бойынша «Еңбек Қызыл Ту» орденімен марарапталған. Адамдар да сый-сияпattan кенде қалмаған. Тіпті, өнімді танкерлер мен цистерналар алып кетуге үлгермей, бұл мәселе «Өзен-Күйбышев» ыстық магистраль құбыры іске қосылып шешімін тапқан.

1969 жылы тамызда Өзен-Құлсары-Гурьев-Күйбышев мұнай құбырының

алғашқы кезегі пайдалануға берілді. Осылайша әлемде тұңғыш рет жоғары парафинді мұнайды «Ыстық мұнай құбырымен» алысқа тасымалдау алғаш рет Маңғыстауда жүзеге асты. Бұл үлкен іске Рахмет аға да белсене атсалысқанын ерекше атап өту керек.

«Өзен мұнайшы мамандар дайындастын мектеп еді. Өзеннен шыққан инженерлер Одақтық үкімет пен партия органдарына дейін көтеріліп, министрлікті жайлап, батыс Сібірде де Волга бойы кенорындарында, Калининградта және басқа да мұнайлы аудандарда жауапты жұмыстар атқарған» деп еске алады ардагермұнайшы.

Рахмет Өтесінов Өзенге алғаш барғанда не ағаш, не бұтақ жоқ жерде мұнайды игеру ниеті бар адамдар болғанын жазыпты. Сол адамдардың өлеуметтік жағдайын қолға алғаны да басшының тек жұмыс пен өндірісті емес, одан тыс отбасылық өмірді де назардан тыс қалдырмашының көрсетсе керек.



Қаламқас Сатыбалды «Өмірді сүйген жүрек» атты естелігінде «Табалдырығы жаңа орнатылған қаланың тіршілік дүбірі саналатын білім шаңырағы, балабақша, аурухана нысандарын тұрғызу Өтесіновке кенорнын игерумен қатар жүргізілген жауапты жұмыс болды» деп еске алады.

Бір естелігінде Рахмет Өтесінов бұл кезең жайлы былай деп жазады: «Құдай қосқан қосағым Сақыш Қабдырахманқызы мұғалім еді. Ол Өзен қаласындағы бірінші мектептің бірінші директоры болды. Сөйтіп Өзен қаласының өндіріс қадасын мен қақсам, Сақыш тұнғыш мектептің қадасын қақты. Ол он бес жыл бойы Жаңаөзен қалалық оқу бөлімін басқарды. Көпжылдық ұстаздық еңбегі зия кетпей, Қазақстанның еңбек сінірген мұғалімі атағын алды».

Өзенде алдымен бастауыш мектеп бой көтереді. Кейіннен сегіз сыныптық мектеп, музыкалық және спорт мектептері ашылады. Тіпті оған «Сені қала салуға емес, мұнай өндіруге жибердік» деп сұрақтың астына алғаны да біршама естелікте жазылышты.

Маңғыстау байлығын жеделдетіп игеру – мұнайшылардың ерлікке толы ерік жігерімен бірге, оларға мәдени тұрмыстық қызмет көрсетуге де байланысты болатын. Рахмет Өтесінов осыны білген.

Сондықтан да болар, жанжақтан толассыз ағылып жатқан жұмысшыларды баспанамен қамту мәселесін қолға алған. Рахмет Өтесінов төрт құбыласы тең болмаса, адамның еңбегі өнімді болмайтынын алға тартып, жұмысшыларға барынша жағдай жасауға баса назар аударған. Рахмет Өтесінов барғанда он мыңға жетер жетпес адам тұрған қалада қазір 150 мыңдан асатыны да сол еңбегінің арқасы еkenін ерекше атап өту керек.

«Көз тоқтатар бірдебір тал дарағы жоқ, күркесі жоқ, үшқанда қара көрінбейтін меніреу медиенде іс бастау оңай ма? Болашақ Өзен қаласының қазығын өз қолыммен қақтым. Алдымен жұмысшылар тұратын жер кепелер, барактар тұрғызылды. Қызыл вагон менің әрі кеңсем, әрі ұйықтайтын бөлмем еді. Міне, осылай қыруар қыындықпен бетпебет келдік. Өзенге мұнайшылар ағылып келе бастады, сондықтан мәдени орындар салуды жеделдетуге тұра келді. Бір жылдан соң мектеп үйін пайдалануға бердік. Бұгінде кейбір өндерде «Алматым – менің жас шағым» деп шырқалып жүр ғой. Осы орайда менің де «Жаңа Өзен – менің жас шағым» десем ешбір әбестіңі жоқ шығар» деп жазған еken Өзеннің Өтесінові бір естелігінде.



МАРАПАТТАРЫ

КСРО-ның «Құрмет белгісі» ордені;

* * *

КСРО-ның «Еңбек Қызыл Ту» ордені;

* * *

КСРО-ның бірнеше мерекелік мәдальдарымен, құрметті төсбелгілерімен марапатталған.

* * *

1962 жылы «КСРО-ның Құрметті мұнайшысы» құрметті атағы;

* * *

«Қазақ КСР-нің Еңбек сіңірген мұнайшысы» құрметті атағы;

* * *

«Қазақстан мұнайына сіңірген еңбегі үшін» медалі;

* * *

ҚР жоғарғы мемлекеттік марапаты «Құрмет орденімен» марапатталған.

* * *

ҚР «Ерен Еңбегі үшін» мемлекеттік медалінің иегері.

* * *

Қазақ КСР Жоғарғы кеңесінің «Құрмет грамотасының» иегері.

* * *

Ақтау, Жаңаөзен және т.б көптеген аудандардың «Құрметті азаматы» атағы берілді.

* * *

«Еңбек ардагері» құрметті медалінің иегері.



33.36
0.86

WWW.OZEN.KZ

РАХМЕТ
ӨТЕСІНОВ




АКИКАТКА
АЙНАЛҒАН
АРМАН



Рахмет Өтесінүлінүң жарық көргөн кітаптары:

1. «Ақиқатқа айналған арман». Очерктер жинағы. «Қазақстан» баспасы. 1974.
2. «Айттылмаған ән». Повесть. «Жалын» баспасы. 1978.
3. «Алыптың ашылуы». Повесть. «Жалын» баспасы. 1982.
4. «Алыстағы алау». «Жалын» баспасы. 1982.
5. «Кең Жылъыой». Повесть. «Жалын» баспасы. 1982.
6. «Мұнарлы күндер». Жинақ. Повестер, әңгімелер. «Өлкө» баспасы. 1996.
7. «Су түбінде жатқан тас». Өлеңдер. «Өлкө» баспасы. 2001.
8. «Жолдар және Жолдастар». «Өлкө» баспасы. 2002.
9. «Қазына. Рахмет. Жинақ». 23-том. «Арыс» баспасы. 2005.
10. «Соңғы аялдама». Естелік. Эссе. «Өлкө» баспасы. 2006.
11. «Маңғыстаудың мың жолы». Радиопьеса. «Қазрадио». 1987.





OZEN

WWW.OZEN.KZ